Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық техникалық деректермен, құрылғымен, кофе қайнатқышты пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған, моделі POLARIS PCM1535E Adore Cappuccino (бұдан әрі мәтін бойынша – кофе қайнатқыш, аспап).

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап осы пайдалану бойынша Нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты пайдалануды бастаудың алдында пайдалану бойынша осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Егер сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар жоғары температураның, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз енді аспапты пайдаланбайтын болсаңыз,
- оны ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Бұл аспап денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларға аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет

Назар аударыңыз! Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға түскен жағдайда оны тез арада желіден ажыратыңыз. Бұл ретте ешбір жағдайда қолыңызды суға салмаңыз. Қайталап пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.



- Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Аспапқа су тиген кезде оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспап желіге тек жерге тұйықталу ақылы қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықтау орнатылған электротехникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.



- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз.
- Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Құралды желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Монымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымның ауыстырылуын тек қана білікті мамандар – POLARIS
- Авторизацияланған сервистік орталықтың қызметкерлері жүзеге асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз.
- Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Кофе қайнатқышта шай немесе сусынтамырдан сусындар дайындау үшін пайдаланбаңыз.
- Сүзгі бітеліп қалмауы үшін ұнтақталған кофеге ешқашан басқа өнімдерді, мысалы, қант қоспаңыз.
- Ұнтақталған кофеден сусынды дайындау үшін туркада бұқтыруға арналған «extra fine» ұсақтап ұнтақталған кофені пайдалануға болмайды. Бұл сүзгінің бітелуіне әкелуі мүмкін. Сүзгінің бітелуі бұқтыратын аймақтағы қысымның жоғарлауын тудырады, осының салдарынан сусынды дайындау процесінде сүзгі ұстағышының өздігінен ажырытылуы орын алуы мүмкін. Бітеліп қалған сүзгіні тазалау немесе ауыстыру аспапқа кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді.
- Сүзгі бітеліп қалғанда оның тесіктерін үшкір металл заттармен тазалауға тыйым салынады.
- Суға арналған резервуарды тах белгісіне жоғары толтырмаңыз және су деңгейі мін белгісінен төмен түспеуін қадағалаңыз.
- Кофе қайнатқышқа орнатылған резервуарды ешқашан суға толтырмаңыз, резервуарды тлтыру үшін оны сыртқа шығарыңыз.
- Аспапты ешқашан сусыз іске қоспаңыз.
- Суға арналған резервуардың қақпағын ашпаңыз, кофе қайнатқыш жұмыс істеп тұрғанда резервуарды және сүзгі ұстағышты корпустаан алып шықпаңыз. Бұл күйікке әкелуі мүмкін.
- Кофе қайнатқыш жұмыс істеп тұрған уақытта ешқашан назарсыз қалдырмаңыз.
- Аспапты үстелдің жиегінен/жұмысшы беттен мүмкіндігінше алыстау жерге тегіс тұрақты бетке қойыңыз.
- Аспапты қоршаған ортаның температурасы 0 °C-ден төмен болғанда қалдырмаңыз.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін тағайындалған:

- дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелердің қызметкерлері тамақтанатын орындарда
- қонақ үй, отель және басқа да тұруға арналған орындардың тұтынушыларына
- жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда

Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған


Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.



АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

PCM 1535E Adore Cappuccino кофе қайнатқышы алдын ала ұнтақталған дәндерден қыздырылған ауыз судың сүзгіде орналасқан ұнтақталған кофе қабаты арқылы қысыммен өтіп кофе дайындауға арналған.

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ



Кофе қайтақышы
PCM 1535E



Сүзгі ұстағышы



Өлшеуіш қасық /
нығыздағыш /
Шағын сорғы



Сүзгілер 2 дана.
(1 және 2 порцияға)



Пайдалану
жөніндегі
нұсқаулық /
Кепілдік



Кофеге арналған
трафареттер



Капсула
қосымшалары
(Dolce-Gusto,
Nespresso)

БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ




ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Бірінші қолдану алдында немесе егер кофе қайнатқыш біраз уақыт пайдаланылмаған болса, оны келесідей түрде таза ауыз сумен жуу қажет:

1. Кофе қайнатқыштан қаптау материал мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз және аспап корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
2. Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз.
3. Резервуарды ажыратыңыз.
4. Резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі “max” белгісінен аспауы тиіс).
5. Оны кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз.
6. Желілік ашаны электр желісінің розеткасына кіргізіңіз.
7. Сүзгіні сүзгі ұстағышқа орнатыңыз.



Корпусты ылғалды матамен сүртіп алыңыз



Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз




Суға арналған резервуарды жоғары қарай қозғалыспен ажыратыңыз



Резервуарды шамамен жартылай суға толтырыңыз (“max” белгісінен асырмай)




Резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына қайта орнатыңыз



Желілік ашаны электр желісінің розеткасына кіргізіңіз



Сүзгіні сүзгі ұстағышқа орнатыңыз

8. Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз. Бұл шін оны кофе қайнатқыш корпусындағы ұстағыш ұяшығына төменнен жоғары қарай, сүзгі ұстағыштың тұтқасы  белгісінің астына орналастындай, енгізіңіз және, ұстағышты тұтқасынан бұрып, тілшік бағытымен, оңға қарай 40-45 градусқа бұрып, бекітіңіз (**Бұл ретте артық күш салму қажет!**).

9. Ұлкен шыны-аяқты (кем дегенде 200мл) теген торындағы сүзгі ұстағыш шүмегінің астына орнатыңыз.



Назар аударыңыз! Сүтке арналған резервуар шаттық орынға дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Онсыз кофе қайнатқыштың жұмыс істеуінің кейбір режимдері іске қосылмайды. Бу жеңінің шүмегін шыны-аяққа көбікке арналған түтікше иінтірегінің көмегімен бағыттаңыз.

10. Бір рет ON/OFF батырмасына басып, кофе қайнатақыштың қуатын іске қосыңыз, бұл ретте кофе қайнатқыштың алдыңғы панеліндегі символдар жыпылықтай бастайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды.


11. Қыздыру аяқталғанын күтпей, «Өздігінен тазалану» батырмасының көмегімен «тазалау» бағдарламасын іске қосыңыз. Сенсор жыпылықтай бастайды, және су, кофе қайнатақыштың ішкі магистралін толтырып, шыны-аяққа ағызылады. Тазалау циклы аяқталғаннан кейін суды шыны-аяқтан төгіңіз, ал содан кейін контейнерде су біткенше процедураны қайталаңыз.



8

Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз



Оны, тұтқа астында  жайғасатындай, төменнен жоғары қарай кіргізіңіз



Оңға қарай 40-45 градусқа бұрып, бекітіңіз



9

Шыны-аяқты теген торындағы сүзгі ұстағыш шүмегінің астына орнатыңыз



Сүтке арналған резервуарды дұрыс орнатыңыз



10

Бір рет ON/OFF батырмасына басып, кофе қайнатақыштың қуатын қосыңыз



Жоғарғы панельдегі символдар жыпылықтай бастайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды





11

Қыздыру аяқталғанын күтпей, «Өздігінен тазалану» батырмасын басыңыз

12. Егер шыны-аяқ тазалау режимі аяқталғанынан бұрын толатын болса, «Өздігінен тазалану» батырмасына қайталап басуен судың берілуін тоқтатыңыз.

12 (a): егер «Өздігінен тазалану» бағдарламасы іске қосылғаннан кейін су шыны-аяққа құйылмайтын болса, тиісті сенсорға қол тигізіп жалқы капучино бағдарламасын іске қосыңыз және шыны-аяққа су құйылғанша және капучинатордан будың тұрақты ағыншасы шыққанша қайталаңыз. Сорғы жұмыс істеп тұрғанда бұл ретте қабылдағыш келтеқұбырдан ауаны шығару үшін су құйылған резервуарды сәл көтеру-орнына түсіру ұсынылады. Бос сүт контейнері штаттық орынға орнатылған болуы тиіс.

13. Бүкіл су құйылғаннан кейін контейнерді, сүзгіні, ұстағышты және сүтке арналған алмалы резервуарды мұқият жуып-шайыңыз.

14. Аспап корпусындағы және сүзгі ұстағыштағы жапқыш тораптың шығыңқыларын ықтимал ластанулар мен зауыттық майлағыш қалдықтарынан құрғатып мұқият сүртіп алыңыз. Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз. Бұл үшін оны жоғарыдан төмен қарай кофе қайнатқыш корпусындағы ұстағыш ұйшығына сүзгі ұстағышының тұтқасы «ашық құлып»  белгішесінің астында болатындай етіп енгізіз және, тұтқадан ұстап ұстағышты оңға қарай «жабық құлып»  белгішесіне дейін бұрап, тірелгенше бекітіңіз



Егер шыны-аяқ тазалау режимі аяқталғанынан бұрын толатын болса, «Өздігінен тазалану» батырмасына қайталап басуен судың берілуін тоқтатыңыз



Суды шыны-аяқтан төгіңіз. Бүкіл су біткенше процедураны қайталаңыз



Сүтке арналған алмалы контейнерді алып шығу үшін: жоғары қарай және содан кейін өзіңізге қарай қозғалыс



Бүкіл су ағызылғаннан кейін барлық бөлшектерді мұқият жуып-шайыңыз



Ықтимал ластанулар мен зауыттық майлағыштың қалдықтарынан құрғатып мұқият сүртіңіз



Сүзгіні сүзгі ұстағышқа орнатыңыз



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алғашқы пайдаланғанда немесе пайдаланудағы ұзақ үзілістен кейін сораптың жұмысында жоғарлаған шу болуы мүмкін. Бұл қалыпты, магистраль суға толғаннан кейін шамамен 20 секунд өткен соң шу азаяды.

АЛҒАШҚЫ ІСКЕ ҚОСҚАНДА НЕМЕСЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНБАҒАНДА

Жаңа кофе қайнатқышты алғашқы рет немесе пайдаланусыз ұзақ сақтаудан кейін іске қосқанда кофе қайнатқыш жүйесін суға толтырумен қиындық туындауы мүмкін.

Бұл ақаулық болып табылмайды.

Бірінші рет сәтті толтыру үшін арнайы шағын қол сорғысын пайдалануды сұраймыз (жиынтыққа кіреді).

Оның көмегімен Сіз жүйеден ауаны оңай шығарасыз және оны суға толтыра аласыз.

Бұл үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Суға арналған контейнерді шешіп алыңыз.
2. Кофе қайнатқыштың артқы бөлігінде орналасқан су резервуарының қабылдағыш торапына азғантай су құйыңыз.
3. Су резервуарының қабылдағыш торапына шағын сорғының түтігін кіргізіп, шағын сораптың піспекіне басыңыз, осымен кофе қайнатқыштың гидрожүйесін мәжбүрлеп суға толтыру процесін іске қосылады.
4. Су кофе қайнатқыштың қабылдағыш торапынан шыққанша 2 және 3 қадамдарды қайталаңыз, қажеттілік бойынша 2 және 3 қадамдарды 3-4 рет қайталаңыз.
5. Суға арналған толтырылған контейнерді орнатыңыз.
6. Суға арналған резервуарды орнатыңыз, кофе қайнатқышты іске қосыңыз, алдын ала қызу аяқталғанын күтіңіз (индикаторлар үнемі жанып тұратын болады), содан кейін су шығып тұрғанын тексеру үшін "ӨЗДІГІНЕН ТАЗАЛАНУ" батырмасын басыңыз. Егер иә болса, гидрожүйенің сұлбасында су бар дегені.
7. Кофе дайындауды бастаңыз.



АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ

Бір шыны-аяқ жақсы ыстық кофе дайындау үшін біз сүзгісі орнатылған кофе қайнатқышты алдын ала қыздырып алуды ұсынамыз. Осылайша, кофе қайнатқыштың суық бөліктерінің кофе бұқтыруға әсері жоққа шығарылады.


1. Суға арналған контейнерді таза ауыз суға толтырыңыз (су деңгейі “max” белгісінен аспауы тиіс).
2. Оны кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз.
3. Сүтке арналған резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі “max” белгіден аспауы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
4. Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз
5. Теген торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз.
6. Желілік ашаны электр желісінің розеткасына кіргізіңіз
7. Бір рет ON/OFF батырмасына басып, кофе қайнатқыштың қуатын қосыңыз, бұл ретте кофе қайнатқыштың алдыңғы панеліндегі жарық символдары дыбыстық сигналмен 3 рет жыпылықтайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды.



Резервуарды суға толтырыңыз (MAX белгісінен аспаңыз)



Резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз



Сүтке арналған резервуарды суға олтырыңыз (“max” белгісінен асырмаңыз)



Сүтке арналған резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз



Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз




Теген торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз




Желілік ашаны электр желісінің розеткасына кіргізіңіз және ON/OFF батырмасына басыңыз



Жоғарғы панельдегі символар 3 рет жыпылықтайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды

8. Жарық символдары жыпылықтауын тоқтатқанын күтіңіз және «Капучино үлкен шыны-аяғы» батырмасын басыңыз 
9. Процесс аяқталғаннан кейін символдар жыпылықтауын тағы тоқтатады. Алдын ала қыздыру осымен аяқталды.
10. Кофе салар алдында сүзгіні құрғатып сүртіп алыңыз, суға арналған резервуардан су қалдықтарын ағызыңыз.

 **Назар аударыңыз!** Егер символ жыпылықтауын тоқтатқанша оған бассақ, кофе қайнатқыш қажетті температураға жетпегені туралы ескерту дыбыстық сигнал береді және символдар жыпылықтауын тоқтатқанын күту қажет.
11. Кофе қайнатқыштың «Ұйықтау режиміне» көшуі іске қосқаннан кейін 25 минуттан кейін автоматты түрде жүргізіледі, егер онымен ешқандай әрекеттер жүргізілмейтін болса. Бұл ретте барлық жарық символдары сөнеді
12. Жұмысты бастау үшін кез келген батырмаға басыңыз, жарық символдары дыбыстық сигналмен тағы жанады. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды, немесе кофе дайындауға дайын болады.



8
Жарық символдары жыпылықтауын тоқтатқанын күтіңіз және «Капучино үлкен шыны-аяғы» батырмасын басыңыз



9
Символдар жыпылықтауын тоқтатты. Алдын ала қыздыру аяқталды



10
Сүтке арналған резервуардан су қалдықтарын ағызыңыз



Сүзгіні құрғатып сүртіп алыңыз



11
«Ұйықтау режиміне» көшу – 25 мин кейін. Іске қосылғаннан кейін, егер пайдаланылмайтын болса



12
Жұмысты бастау үшін басқару панеліндегі батырманы басыңыз




Символдар дыбыстық сигналмен тағы жанады. Кофе қайнатақш жұмысқа дайын

ШЫНЫ-АЯҚ ӨЛШЕМІН ТАҢДАУ

КОФЕ ТИПТЕРІ ЖӘНЕ ШЫНЫ-АЯҚТАР ӨЛШЕМДЕРІ			
Espresso	Жалқы		40 – 60 мл.
	Қос		90 – 110 мл.
Cappuccino	Жалқы		80 – 150 мл.
	Қос		160 – 300 мл.
Latte	Жалқы		160 – 300 мл.
	Қос		250 – 350 мл.



КОФЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ

1. Алдын ала дайындалған және қыздырылған кофе қайнатқыш пайдалануға дайын, жарық индикаторлары үнемі жаны тұрады.
2. Сүзгі ұстағышты, тұтқасынан ұстап  жайғасымынан солға қарай шамамен 45 градус бұрышқа бұрып және төмен түсіріп, кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшқытан шешіп алыңыз (егер ол орнатылған болса).
3. Қажет болса, сүзгіні құрғатып сүртіңіз және оны ұстағышқа орнатыңыз



1
Резервуарды суға толтырыңыз (MAX белігісінен аспаңыз)




2
Сүзгі ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшқытан шешіп алыңыз



3
Сүзгіні құрғатып сүртіңіз және оны ұстағышқа орнатыңыз

КОФЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ

- Сүзгіні өлшеуіш қасықтың көмегімен ұнтақталған кофемен толтырыңыз.
 - Жалқы порцияны дайындау үшін бір өлшем қасық кофе пайдаланыңыз, қос порция дайындау үшін -- екі қасық.
 - Кофе мөлшеріне байланысты лайық келетін сыйымдылықтағы сүзгіні пайдаланыңыз.
- Кофені сәл нығыздаңыз, бұны нығыздағыштың көмегімен жасауға болады, және сүзгі шеттерінен оның артық бөліктерін алып тастаңыз.
- Сүзгі ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз.
- Кофеге арналған шыны-аяқтарды сүзгі ұстағыш шүмектерінің астына теген торына қойыңыз (бір шыны-аяқты, кофе екі шүмектен шыны-аяққа түсетіндей орнатып, пайдалануға болады).



ЭСПРЕССО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

1. Бір порцияны дайындау үшін «Эспрессо кішкентай шыны-аяғы» батырмасына басыңыз.
2. Қос порцияны дайындау үшін «Эспрессо үлкен шыны-аяғы» батырмасына басыңыз.
3. 250мл дейінгі порцияны дайындау үшін 3 секунд ішінде «Эспрессо үлкен шыны-аяғы» батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз.
4. Тағы бір рет батырмаға басып, шыны-аяқ толғаннан кейін құйылуды қолмен тоқтатыңыз.



Назар аударыңыз! Сүзгі ұстағышының шүмектерінен біраз уақыт бұқтырылған кофе қалдықтары мөлшерлеу аяқталғаннан кейін ағатын болады.

5. Пайдаланылған кофені ұзақ уақытқа сүзгіде қалдырмаңыз.
6. Сүзгінің бітелуіне және қиын еритін түзілімдердің пайда болуына жол бермеу үшін сүзгіні босатыңыз және жуып-шайыңыз
7. Кофе қайнатқышты пайдаланғаннан кейін берден алмалы тегенін жуып-шайыңыз.



Бір порцияны дайындау үшін «Эспрессо кішкентай шыны-аяғы» батырмасына басыңыз



Қос порцияны дайындау үшін «Эспрессо үлкен шыны-аяғы» батырмасына басыңыз



3 сек. ұстап тұрыңыз 250 мл дейінгі порцияны дайындау үшін.




Тағы бір рет батырмаға басып, шыны-аяқ толғаннан кейін құйылуды қолмен тоқтатыңыз



Пайдаланылған кофені ұзақ уақытқа сүзгіде қалдырмаңыз



Сүзгінің бітелуіне және қиын еритін түзілімдердің пайда болуына жол бермеу үшін сүзгіні босатыңыз және жуып-шайыңыз




Кофе қайнатақышты пайдаланғаннан кейін оның алмалы тегенін жуып-шайыңыз

КАПУЧИНО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

Назар аударыңыз! Шешіп алынған сүт резервуарында капучино, латте, тазалау функциялары іске қосылмайды. Резервуарды штаттық орнына орнатқаннан кейін қыздыру аяқталғанын (сенсорлар жыпылықтауды тоқтатады) күтіңіз.

1. Сүтке арналған резервуарды сүтке толтырыңыз (сүт деңгейі «мін» және «мак» белгілері арасында болуы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Теген торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз. Капучиноға арналған шыны-аяқтың көлемі 100мл-ден аспауы тиіс.
3. Бу жеңінің шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан ыдысқа шығатындай етіп реттеңіз.
4. Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз.
5. Бір порция капучино дайындау үшін батырмаға басыңыз.
6. Қос порция капучино дайындау үшін батырмаға басыңыз.


Назар аударыңыз! Бу жеңінің шүмегінен бұмен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін. Бу жеңінің алмалы шүмегін әр пайдаланғаннан кейін лезде жылы сумен және қылшықты щеткамен (ысқышпен) жуып-шайыңыз. Онда майлы түзілімдер пайда болуына жол бермеңіз.




Резервуарды сүтке толтырыңыз (МАХ белгісінен аспаңыз)



Сүт құйылған резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз



Бу жеңінің шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан ыдысқа шығатындай етіп реттеңіз



Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз




Бір порция дайындау үшін батырмаға басыңыз



Қос порция капучино дайындау үшін батырмаға басыңыз



Бу жеңінің шүмегінен бұмен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін





Бу жеңінің алмалы шүмегін жылы сумен жуып-шайыңыз

ЛАТТЕ КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

Іс-әрекеттер тәртібі Капучино дайындаған кездегі іс-әрекеттерге ұқсас, бірақ сыйымдылығы үлкенірек шыны-аяқ пайдаланылады.

1. Сүтке арналған резервуарды сүтке толтырыңыз (сүт деңгейі «мін» және «мак» белгілері арасында болуы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Теген торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз. Латтеге арналған шыны-аяқтың көлемі 300 мл-ден кем болмауы тиіс.
3. Бу жеңінің шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан ыдысқа шығатындай етіп реттеңіз.
4. Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз.
5. Бір порция дайындау үшін батырмаға басыңыз.
6. Қос порция дайындау үшін батырмаға басыңыз.


 **Назар аударыңыз! Бу жеңінің шүмегінен бумен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін.**




Резервуарды сүтке толтырыңыз (МАХ белігісінен аспаңыз)



Сүт құйылған резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз



Бу жеңінің шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан ыдысқа шығатындай етіп реттеңіз



Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз




Бір порция дайындау үшін батырмаға басыңыз



Қос порция капучино дайындау үшін батырмаға басыңыз





Бу жеңінің шүмегінен бумен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін



Бу жеңінің алмалы шүмегін жылы сумен жуып-шайыңыз

КОФЕНІ КАПСУЛАЛАРДАН ДАЙЫНДАУ

NESPRESSO®

- Капсулаға арналған қондырманың төменгі бөлігін (ұзын иілген тұтқамен жабдықталған) алыңыз және оған, суретте көрсетілгендей, Nespresso типті капсуланы орналастырыңыз.
- Жоғарыға капсулаға арналған қондырманың жоғарғы бөлігін (пышақтармен жабдықталған) және капсуланың пластик бөлігін тесу үшін қысыңыз
- Бекітілген капсуласы бар қондырманы капсулаларға арналған қондырма ұстағышына орнатыңыз
- Қондырмаға арналған ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз және түймелердің бірін басыңыз  , 



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Кофе дайындаған кезде қондырма, капсула және ұстағыш жоғары температураға дейін қызады. Капсуланы алып шыққанда абай болыңыз, күйіп қалудан сақтаныңыз.



1 Nespresso капсулаларына арналған қондырманы ашыңыз




2 Ішіне Nespresso типті капсуланы салыңыз



3 Басыңыз
Капсуланың пластик бөлігін тесу үшін қысыңыз



4 Бекітілген капсуласы бар қондырманы капсулаларға арналған қондырма ұстағышына орнатыңыз



5 Сүзгі ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз



6 Кофеге арналған шыны-аяқты сүзгі ұстағыш шүмектерінің астына қойыңыз





7 Кофе берілетін тесіктерді әр дайындаудан кейін тазалаңыз



8 Кофе дайындағаннан кейін ұстағыш шүмектерінен су тамшылауы мүмкін – түтқойманы пайдаланыңыз

КОФЕНІ КАПСУЛАЛАРДАН ДАЙЫНДАУ

Dolce-Gusto®

- Капсулаға арналған қондырма ұстағышын алыңыз және онда, суретте көрсетілгендей, Dolce-Gusto типті капсуланы орналастырыңыз
- Жоғарыда Dolce-Gusto типті капсулаларға арналған қондырманы орнатыңыз және капсуланы тесу үшін қысыңыз
- Қондырмаларға арналған ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз және түймелердің бірін басыңыз  , 



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Кофе дайындағаннан кейін су берілетін тесікті (Dolce-Gusto типті капсулаларды дайындауға арналған қондырмада) және кофе берілетін тесікті (типті капсулаларды дайындауға арналған қондырманың төмегі бөлігінде) жиынтыққа кіретін тазалауға арналған құрылғының көмегімен тазалауды ұсынамыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Кофе дайындаған кезде қондырма, капсула және ұстағыш жоғары температураға дейін қызады. Капсуланы алып шыққанда абай болыңыз, күйіп қалудан сақтаныңыз.



Кофе дайындағаннан кейін, капсула ұстағышты алып шыққанда, ұстағыш шүмектерінен аздап су ағуы мүмкін, таза беттер ластанбауы үшін тамшыларға арналған алмалы түпқойманы пайдаланыңыз.



1 Капсулаларға арналған қондырма ұстағышын алыңыз



2 Ішіне Dolce-Gusto типті капсуланы салыңыз
||-||



3 Жоғарыдан капсулаларға арналған қондырманың жоғарғы бөлігін орнатыңыз



4 Капсуланы тесу үшін қысыңыз



5 Сүзгі ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз



6 Кофеге арналған шыны-аяқты сүзгі ұстағыш шүмектерінің астына қойыңыз




7 Кофе берілетін тесіктерді әр дайындаудан кейін тазалаңыз



8 Кофе дайындағаннан кейін ұстағыш шүмектерінен су тамшылауы мүмкін – түпқойманы пайдаланыңыз

СҮТТІ ДАЙЫНДАУ

1. Сүтке арналған резервуарды сүтке толтырыңыз (деңгейі “маx” белгісінен аспауы тиіс).
2. Оны кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз.
3. Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз
4. Сүттің бір порциясын дайындау үшін 3 секунд ішінде «Латте кішкентай шыны-аяғы»  батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз.
5. Тағы бір рет батырмаға басып, шыны-аяқ толғаннан кейін құйылуды қолмен тоқтатыңыз.

Назар аударыңыз! Бу жеңінің шүмегінен бұмен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін.


Назар аударыңыз! Егер сусындарды дайындағаннан кейін сүтке арналған резервуарда пайдаланылмаған өнім қалатын болса, сүтке арналған резервуарды біраз уақыт тоңазытқышта сақтауға болады.




Резервуарды сүтке толтырыңыз (MAX белгісінен аспаңыз)



Сүт құйылған резервуарды кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз



Бу жеңінің шүмегінің көлбеулігін бұмен көбік одан ыдысқа шығатындай етіп реттеңіз



Сүт көбігін реттегішті, оны солға қарай (көбік аздау) немесе оңға қарай (көбік көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз



Бір порцияны дайындау үшін батырманы басыңыз және 3 сек. басып ұстаңыз



Батырмаға тағы бір рет басып, қолмен сөндіріңіз.



Бу жеңінің шүмегінен бұмен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін



Резервуардағы пайдаланылмаған сүтті біраз уақыт тоңазытқышта сақтауға болады

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ




Назар аударыңыз!! Аспапты тазалауға кірісер алдында ол сөндірілгеніне, желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз

- Сүзгінің бітеліп қалуын және кофе қайнатқыштың бөлшектерінде қиын жойылатын жауын-шашынның пайда болуын болдырмау үшін пайдаланғаннан кейін аспапты ұзақ уақыт тазалауды кейінге қалдырмаңыз.
- Аспапты суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Су электрлік қосылыстарға түспеуін ылғи қадағалаңыз.
- Аспапты сыртқы жағынан ылғалды жұмсақ матамен сүртіп алыңыз. Аспапты тазалау үшін жемір, қажақ тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Сүзгі ұстағышын шешіп алыңыз, сүзгіден кофе қалдықтарын кетіріңіз. Ұстағышты және сүзгіні жылы суда жуып-шайыңыз, жұмсақ түксіз матамен немесе ысқышпен құрғатып сүртіп алыңыз. Сүзгінің ішкі тесіктерін тексеріңіз, егер олар бітеліп қалған болса, кішкентай щеткамен (жиынтыққа кірмейді) тазалаңыз.
- Сүзгі ұстағышы орнатылатын орынды ылғалды матамен тазалаңыз.
- Тамшыларды жинауға арналған түпқойманы шешіп алыңыз, жиналған сұйықтықты төгіңіз, сумен жуып-шайыңыз және жұмсақ матамен сүртіңіз. Осы процедураны аспапты пайдаланған әр кезденген кейін қайталаңыз.
- Суға арналған резервуардың ішкі бөлігін ысқышпен немесе жұмсақ матамен мерзімді түрде жуыңыз.
- Терең тазалау үшін жалқы эсперссоны дайындаудың бір циклын тек қана сумен және ішінде сүзгісі орнатылмаған сүзгі ұстағышпен жүргізіңіз.



1
Ылғалды жұмсақ матамен сүртіп алыңыз. Қажақ құралдарды пайдаланбаңыз



2
Аспапты суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз, шүмек астында жұмаңыз




3
Ұстағышты және сүзгіні жылы суда жуып-шайыңыз, кептіріп сүртіп алыңыз




4
Сүзгі ұстағышы орнатылатын орынды ылғалды матамен тазалаңыз.

СҮТКЕ АРНАЛҒАН РЕЗЕРВУАРДЫ ЖӘНЕ БУ ШҮМЕГІН ТАЗАЛАУ


- Сүтке арналған резервуарды шешіп алыңыз, жиналған сұйықтықты ағызыңыз, жылы сумен және жұмсақ ысқышпен жуып-шайыңыз. Аспапты тазалау үшін жемір, қазақ тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Резервуарды ҚАҚПАҚСЫЗ ыдыс жуатын машинада жууға болады.
- Таза резервуарға жылы суды «min» және «max» белгілері арасына құйыңыз және оны қақпақпен бірге жинап іске қосылған және жұмысқа дайын аспапқа орнатыңыз.
- Шүмектің астына үлкен шыны-аяқты қойыңыз.
- «Өздігінен тазалану»  батырмасына басыңыз. Қақпақ механизмін тазалау процесі басталады. Сүт мөлшерлеуішін жуып-шаю шүмектен сүт ағуы тоқтағанда және таза су шыққан кезде жүргізілген деп саналады.
- Тазалау индикаторы жыпылықтап тұрғанша тазалау процесі аяқталмайды. Бұл кезде бу құбырымен және кофе қайнтақышпен ешқандай іс-әрекеттерді жүргізуге болмайды.
- Тазалау аяқталғанын күтіңіз, және кофе қайнтақыш күту режиміне көшеді (барлық индикаторлар жарқырап тұрады).



1
Жылы сумен жуып-шайыңыз. Қазақ құралдарды пайдаланбаңыз



2
Резервуарды ҚАҚПАҚСЫЗ ыдыс жуатын машинада жууға болады



3
Таза резервуарға жылы суды «min» және «max» белгілері арасына құйыңыз



4
Оны қақпақпен бірге жинап іске қосылған және жұмысқа дайын аспапқа орнатыңыз



5
Шүмектің астына үлкен шыны-аяқ қойыңыз



6
«Өздігінен тазалану» батырманы басыңыз
Егер шүмектен сүт емес, таза су ақса, жуып-шаю жүргізілді



Назар аударыңыз!

Бу құбырын тазалау 3 кезеңмен жүргізіледі:

1. Бу құбырының түтікшесі шамамен 100 градус Цельсий температурасына дейін қыздырылған судың көп мөлшерімен жуып-шайылады. Бұл кезеңде сүттен болған негізгі ластануларды шаю өтеді.
2. Үзіліс немесе ауамен тазалау, бұл ретте бу құбырының ішкі беттерінің кептірілуі өтеді.
3. 70-80 градустағы судың болымсыз мөлшерімен бу құбырын жуып-шаю, бұл құрамында кальций, хлор және басқа минералды заттары бар ұсақ ластануларды кетіруге мүмкіндік береді.

ҚАҚТЫ ЖОЮ

Кофе қайнатқыш тиімді жұмыс істеуі үшін қақты әр 2-3 ай сайын кетіру, ал «кермек» суды пайдаланғанда одан да жиі жүргізу ұсынылады.

Ол үшін «Жұмысқа дайындық» бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындау керек, тек судың орнына Polaris кальцификаторын пайдалану керек.

Бұдан кейін «Жұмысқа дайындау» тарауында сипатталған операцияларды қайталап орындау қажет, бірақ енді резервуарды таза суға толтыру керек.



Назар аударыңыз!

Толық тазалауды кофе дайындаудың әр 80 циклынан кейін, егер су жұмсақ (сүзгілінген) болса, және су кермек болса, кофе дайындаудың әр 40 циклынан кейін жүргізу ұсынылады.



Уақтылы немесе тиісті емес күтім жасаудың нәтижесінде туындаған ақаулықтарды жою, сондай-ақ сүзгілерді тазалауға, май шөгінділері мен қақты кетіруге байланысты жұмыстар кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді және пайдаланушының есебінен орындалады.



САҚТАУ

1. Пайдаланылмайтын аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Суды ағызыңыз және аспапты тазалаңыз.
3. Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
4. Сүзгілер мен алмалы сүзгілерді кофе қайнатқыштан ажыратылған күйде сақтау керек.
5. **Пайдалануда болған кофе қайнатқышты, аспаптың ішкі жолдарында қалған судың қатып қалуына және аспаптың істен шығуына жол бермеу үшін, ауаның теріс температурасында сақтауға болмайды.**

Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескерту: Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

A) Сүзгі ұстағыштың шүмегінен ыстық су немесе кофе ақпайды.

- Резервуарға су толтырылғанына көз жеткізіңіз.
- Бәлкім, кофе қайнатқыштың жұмыс бөлігінің ішіне ауа түскен шығар, осының нәтижесінде сорап сөніп қалуы мүмкін.
- Сүзгісі бар ұсатғышты кофе қайнатқыштың корпусына қоспай, жалқы капучино дайындау процесін шыны-аяққа су құйылғанша және капучинатордан будың тұрақты ағышасы шыққанша тиісті сенсорға қол тигізумен қайталаңыз. Сорғы жұмыс істеп тұрғанда бұл ретте қабылдағыш келтеқұбырдан ауаны шығару үшін су құйылған резервуарды сәл көтеру-түсіру ұсынылады. Бос сүт контейнері штаттық орынға орнатылған болуы тиіс.
- Егер осыдан кейін бұл қызмет қалпына келмеген болса, сервистік орталықтың білікті мамандарына жүгіну керек.

B) Бу жеңінің шүмегінен бу шықпайды.

- Бу жеңінің шүмегінің ішінде жиналып қалуы мүмкін болатын түзілімдерді кетіріңіз.
- Контейнердегі судың деңгейін тексеріңіз.

C) Кофе сүзгі ұстағышынан асып төгіледі:

- Бәлкім, сүзгіге ұнтақталған кофе тым көп мөлшерде салынған шығар, осының нәтижесінде сүзгі ұстағышы кофе қайнтақыш корпусындағы ұяшыққа тығыздап бекітілмеген. Кофе қайнтақыш суығанан күту және, ұнтақталған кофенің сипаттамаға сәйкес келетін мөлшерін пайдаланып, сусынды қайталап дайындау қажет.

D) Алғашқы порцияны дайындағанда сүзгі ұстағыштың шүмегінен кофе тым баяу ағады немесе мүлде ақпайды.

- Ұнтақталған кофеге арналған сүзгіні тексеріңіз. Егер сүзгінің тесіктері бітеліп қалса болса, кішкентай щетканы және жылы судағы бейтарап жуғыш құралдың ерітіндісін пайдаланып, оларды тазалау қажет.
- Бұл проблема кофе қайнатқыш корпусының ұяшығындағы теспеленген диск арқылы судың жеткілікті түсуімен негізделуі мүмкін. Проблема сервистік орталықтың мамандарымен жойылады.
- Суға арналған резервуар кофе қайнтақыш корпусына қате орнатылған. Резервуарды аспап корпусына мүмкіндігінше тығыз және тұрақты жайғастырып, оны орналастырыңыз.
- Резервуарда кофе дайындауға сорап оны айдауы үшін су жеткіліксіз. Резервуарды толтырыңыз.

E) Кофе сұйық және суық.

- Пайдаланылатын кофе тым ірі етіп ұнтақталған.
- Неғұрлым қоландырылған және ыстық сусын дайындау үшін кофе дәндері ұсақтап ұнтақталған (эспрессо кофе қайнатқыштары үшін сәйкес келетін) болуы тиіс.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PCM 1535E Adore Cappuccino - POLARIS сауда белгісінің Тұрмыстық электрлік кофе қайнатқышы.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	
Желі кернеуі	220-240 В
Жиілік	~50 Гц
Қуат	1400 Вт
Сұға арналған резервуардың сыйымдылығы	1,8 литр
Қорғау класы	I

Ескертпе:

Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», сондай-ақ КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және Кеден Одағының мүше мемлекеттерінің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Аспап құрастырылымы КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», сонымен қатар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның есептік қызмет ету мерзімі: 3 жыл.

Кепілдікті мерзімі: сатып алған күннен бастап 2 жыл.

Өнім табиғи тозуға ұшырайтын және/немесе қызмет ету мерзімі шектеулі және олардың ресурстары таусылғандықтан жоспарлы ақылы ауыстыруға жататын компоненттерді қамтиды. Өндіруші бұл компоненттерге шектеулі кепілдік береді.

Бұл өнімде мыналар:

- сусындарды тарату тобына, құбырларға және бұ желілеріне арналған тығыздағыштар - 6 ай.

- Автоматты капучинатор (жұмыс ережелерін сақтаған жағдайда) - 6 ай.

Дайындалған күні бұйымда көрсетілген.

Қытайда өндірілген.

Өндіруші: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Зауытта: ФОШАН ШУНДЕ БЕЛИВ ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕС КО., ЛТД

Тхе Тхирд Оф 1/Ф, 2/Ф, 3/Ф, №.15, Дафу Род, Дафуджи Ауданы, Ронгги, Шунде, Фошан, Қытай.

At factory: FOSHAN SHUNDE BELIEVE ELECTRICAL APPLIANCES CO., LTD

The Third Of 1/F, 2/F, 3/F, No.15, Dafu Road, Dafuji Area, Ronggui, Shunde, Foshan, China

Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАЙ Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78 Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Электрлік кофе қайнатқыш

Моделі: PCM 1535E Adore Cappuccino

Осы кепілдік өндірушімен Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тұтынушы құқықтарына қосымша ұсыналады және оларды ешқандай жағдайда шектемейді.

Осы кепілдік бұйымды сатып алынған күннен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және материалдар мен жұмысқа байланысты ақаулар табылған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетілетін білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы, басқаларға қоса, бұйымды тегін жөндеуге құқылы. Осы кепілдік келесі шарттар сақталған кезде жарамды:

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Аспаптың құрамында табиғи тозуға ұшырайтын, шектеулі ресурсы бар және аспапқа ретті Техникалық қызмет көрсету шегінде ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер пайдаланылады. Техникалық қызмет Өндірушінің Авторизацияланған Сервистік Орталығында тұтынушы үшін ақылы негізде жүзеге асырылады.
4. Осы кепілдік мыналардың нәтижесінде пайда болған ақаулар мен бұйымның сыртқы өзгеруіне қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері.
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
 - Бұйымға авторизацияланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар жүргізген жөндеулер;
5. Осы кепілдік осы талонның түпнұсқасымен бірге сатушы берген тауарлық чек түпнұсқасы және ақаулар анықталған бұйым ұсынылғанда жарамды.
6. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдікті қызмет көрсетудің барлық сұрақтары бойынша POLARIS ең жақын орналасқан ресми сатушысына жүгініңіз.

Жабдықта ақаулықтар анықталған жағдайда дереу сервистік орталықпен хабарласу.

**Авторизацияланған қызмет көрсететін орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru*

Жеткізуші тасымалдау кезінде бұйымды бүлдіруге байланысты залал үшін, дұрыс пайдаланбау нәтижесінде, сондай-ақ бұйымды түрлендіруге немесе өз бетінше жөндеуге байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.



